

ҒҰМАР ҚАРАШ ТОЛҒАНЫСТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ӘДІЛЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАҢЫЗЫ*

¹Әлжан Қуаныш, ²Аташ Берік Мұратұлы

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
(Алматы, Қазақстан)

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)

¹iph@iph.kz, ²atash_berik@mail.ru

¹Alzhan Kuanysh, ²Atash Berik Muratuly

¹Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK
(Almaty, Kazakhstan)

²Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹iph@iph.kz, ²atash_berik@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада, алдымен, қазақ дүниетамындағы әділеттілік идеясы мәселесі қойылуының концептуалды негіздеріне шолу жасалады. Ғұмар Қараштың тарихи әділеттілік туралы идеялары талданады. Оның Қазақ халқының өз алдына жеке мемлекет болуының алғышарттарын көрсеткендігі зерделенеді. Білім мен еуропалық өркениетке ұмтылу қазақ халқының тарихи әділеттілік орнатуының негізі екендігін толғайтындығы туралы оның толғауларынан үзінділер келтіре отырып, оған философиялық талдаулар жасалады. Қазақ халқының бұрынғы тәуелсіз ел болғандығын аңсау толғаулары баяндалады. Сонымен қатар, Ғұмар Қараштың ел бірлігі туралы ойлары мен ана тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселелері тарихи әділеттілікті қайта қалпына келтіру мәселесі ретінде қойылады. Ғұмар Қараштың осындай мәселелері бүгінгі заманмен байланыстыра, салыстырыла қарастырылады және оның өзекті мәселелері талданады. Атап айтқанда, тіл мен дін мәселесі, тәуелсіздікті нығайту мәселесіндегі тарихи әділеттілікті қайта қалпына келтірудің дискурсы қарастырылады. XX ғасыр басындағы қазақ руханияты мен XXI ғасыр басындағы қазақ руханияты салыстырыла көрсетіліп, аударма мәселесі, ғылыми стильдің қалыптасуы т.б. прогрессивті және прогрессивті емес қырлары ашыла көрсетіледі.

Түйін сөздер: Ғұмар Қараш, әділеттілік, ұлттық болмыс, тіл, руханият, бірлік, қазақ қоғамы, Алаш идеясы.

* Мақала BR20280977 "Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер" ғылыми жобасы аясында әзірленді.

Кіріспе

«Әділеттілік» жалпылама алғанда, этикалық және саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени саладағы концептуалды ұғым. Сонымен қатар, адамзат эволюциясының өн бойында сақталып келе жатқан, игілікті, оңды құндылықтар мен мұраттар ретінде танылатын апестериорлы түсінік, әрі экзистенциалдық мән. Әділеттілік идеясының генезисінің ең бастапқы нұсқалары алғашқы қауымдық құрылыстағы тайпалық, рулық қоғамдастықтан, мифологияда, әсіресе, ертегілерден көрініс табады және ол адамзат эволюциясында үдіксіз сақталып келе жатқан заманауи қоғамымыз үшін де маңызды құбылыс.

Әділеттілікті әлеуметтік философияның объектісі ретінде де, эстетикалық-этикалық категория ретінде де, табиғи-биологиялық жаратылыстың онтологиялық мәні ретінде де т.б. қарастыруға болады. Оның басты құндылықтық-мағыналық көрінісін де әрқилы бағдарда талдауға болады: моральдің логикалық параметрлері мен түпкі өлшемдері, саясат әлемінің мұраттары, тіршілікте тағайындалған, жеке даралық пен ұжымдасудың «конституциясы», тарихи эволюциядағы адамзаттық, ұлттық, нәсілшілдік, гендерлік, діни т.б. бірегейлікті сақтау ұстанымдары, сайып келгенде, заңдық-құқықтық саланың оңды «нәтижесі».

Сондықтан, әділеттілікті кең мағынасында жан-жақты қарастыру, тіптен, әлеуметтік құндылық ретінде бағамдаудың өзі ауқымды болып саналады. Ал оның әлеуметтік форматты концепт ретіндегі логикалық-құрылымдық мағынасы: тендік, адам құқығы, тұлға құндылығы, ұйым, ұлт т.б. әрбір жекені құрметтеу, толыққандылық пен кемелділікті қамтамасыз ету, өмір сүру мен «бар болу» құндылығын сақтау, еркіндік пен жауапкершілік т.б.

Әділеттілік идеясының нормаларын да, ұлттық және жалпыадамзаттық мораль тұрғысынан қарастырсақ, әрбір ұлт пен ұлыстардың, халық пен этностардың өзіндік төлтума әділеттілік идеясы бар екендігі сөзсіз. Қазақ халқының этикоцентристік дүниетанымында әділеттілік: мораль, борыш, құқықтық ережелер, табулар, тағдыр т.б. түрінде көрініс табатын өмірмәнділік құбылыс болып саналған. Мәселен, оны қысқаша түрде тұжырымдалған канондардан көруімізге болады: «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», «Қорада қой егіз тапса, далада бір түп жусан артық шығады» деген сияқты онтологиялық жазықтықтан бастап, «Тура биде туған жоқ», «Жетімнің наласына қалма», «Тең-теңімен» т.б. әлеуметтік өмірдегі императивтермен жалғасады.

Біз қарастырып отырған Ғұмар Қараштың әділеттілік идеясы, алдымен, оның XX ғасыр басындағы тұлғалық болмысы мен саяси қайраткер ретінде танылуына, сонымен қатар, сол дәуірдегі қоғамдағы өзекті мәселелер туралы ойтолғауларына, XX ғасыр басында қайтадан негізі қалана бастаған «Қазақ идеясы» мен мемлекетшілдіктің құрылымдану кезеңіндегі атқарған істері мен ұсынған пікірлеріне т.б. байланысты зерделенеді.

Зерттеу әдістері

Ғ. Қараштың өлең толғауларына герменевтикалық талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер мен ұлттың өзіндік санасына үңілуіне интроспекциялық тұрғыдан келу, ойшылдың әділеттік туралы идеяларын құрылымдық-функционалдық негізде жүйелеу т.б. әдістер қолданылды.

Ғұмар Қараш толғаныстарындағы тарихи әділеттілік идея

Өзі өмір сүрген қоғамдағы әрқилы жағдайды саралаған, оған баға берген Ғ. Қараш ерікті-еріксіз түрде әділеттілік туралы эмоционалды-рационалды түрде ой толғады. Оның саяси-әлеуметтік әділеттілік туралы толғаныстарын былайша жіктеп көрсетуімізге болады: елінің өркениет талаптарына ұмтылуындағы объективті-субъективті кедергілерді көре біліп, халқының тең дәрежеде өркендей алмауын тарихи әділетсіздік ретінде түйсінуі; Қазақ елінің толыққанды тәуелсіздігін орнату әділеттілігі; діни тазалық, зайырлы қоғам үлгісін паш ету, дін өкілдерінің қоғамдық санадағы бұрмалаушылықтарын ашып көрсету; заманның әділетсіздігіне қарсы ұлттық ұйысушылық пен бірлік идеясы; қазақи ұлттық кодттың, мәдени-рухани болмысының сақталмауының әділетсіздігі т.б.

Ғұмар Қараш өзі өмір сүрген дәуірдегі әділетсіздікті екі масштабта қарастырады, объективті-сыртқы және субъективті-ішкі. Ол әділеттіліктің орнамауын тек сыртқы ықпалдардың, әсіресе, Ресей отаршылдығының ғана көрінісі ретінде қарастырып, өзінің кемшілігін өзгеге жабатын психоанализдегі проекциялау қорғаныш тетігін пайдаланбайды, басты мәселелердің бірі – ұлтымыздың өзіне қатысты түйткілді мәселелерді де қозғау қажеттігін терең түйсінеді. Сондықтан да, ішкі ахуалды, ұлтымыздың өзінің даму стратегиясына қатысты, мінез-құлқы мен жалпы үдерістердің, беталыстардың кемшін тұстарын ашық сынауға де бет бұрады. «Осы ұстанымды ескерген ойшылдар «дамыту – кемшілік жақтары мен дамуға кедергелерді тауып алып, оларды саналы түрде жоюға беталыс» екендігін терең түйсінген тәрізді. Ғұмар Қараштың ұлт мүддесіне негізделген өлеңдерінің көпшілігінде «Қазақ» сөзі үнемі менмұндалап тұрады: «Әу, қазақ! Балаларың өнер білсін»; «Атаңа сенің қазақ-ай»; «Қазағым, сондай болған елің бар-ды»; «Қазақ байғұс, не білсін» т.б. Бұл сөздер өз халқына деген алаңдаушылықтан, қимастықтан, ұлтжандылықтан туған ішкі көңіл сезімінің жарыққа шыққан «лебі». Сонымен қатар, оның толғаулары мен туындыларында да ұлт атымен аталатындары жетерлік: «Қазаққа», «Қазақ жыры», «Әу, қазақ», «Бар еді қазағымда..», «Алашқа», «Алаш азаматтарына», «Қазақтар хақында» т.б.» [1, 44 б.].

Ол ақын болғандықтан, өз ойларын көп жағдайда, қоғамдық санаға әсер етудің тетіктерінің бірі, ұлттық діліміздің ойлау машығындағы эмоционалды-

экспрессивті құбылыс – тоғаулармен, өлең жолдарымен береді. Сондықтан да, бұл тұста, эмоцияға да ерік береді, бірақ бұл эмоция жай ғана қызбалық немесе субъективизм емес, сол дәуірдегі халқының хал-ахуалының кемшін тұстарын көре біліп, сынау арқылы шыңдау толғаулары болатын. Мәселен, «Әлай ма, Алаш» атты өлеңінде:

Бастан өткен күндерін
Есіткенін білгенін
Кәрілер сөйлеп жылай ма?
Жылауының себебін
Алашым бізден сұрай ма? [2, 91 б.].

Бұл жердегі автордың ойының негізгі идеясы: сол дәуірдегі қазақ қоғамы, бұрынғы күйі, игілікті өмір сүрген тарихи дәуірдің құндылығы, заманның ауысуы, сол өткен дәуір келбетіндегі игіліктердің деформациясы т.б. болса, ХХ ғасыр басында да сол бұрынғы дәуірдің келбетін аңсау ғана емес, оның объективті шынайылығын қалпына келтіруді ниеттейтін ой-пікірлер түзілімі. Онтологиялық әділетсіздік: бұрын әлемді дүр сілкінткен түркі-қазақтық рухтың неліктен «бейшара» күйге түскендігі.

Бұл жерде «жылаған Қариялардың көз жасы» халқының бұрынғы өткен дәуренінің қандай болғандығы, азаттық пен бейбітшілік, молшылық пен асқақ рухты өмірдің өтіп кеткендігі туралы толғаныстан туындайтындығын жіті пайымдаған Ғұмар Қараш олардың елестетіп отырған өткенін дәл бейнелеп берген. Ендеше, қариялардың «көз жасын» тек олардың ішкі сыры арқылы ғана түсінуге болады, ал олардың ішкі сыры, түптеп келгенде, ойшыл ақынымыздың өзінің ішкі жан-дүниесіндегі тебіреніске айналады. Әйтпесе, ол қариялардың жан дүниесін де толық түсіне алмас еді. Ұлттық мүдде, Ұлт болашағы, Ұлт рухы сияқты қасиетті ұғымдарды терең түсіну үшін, әрине, алдымен, өз халқына деген шын сүйіспеншілік керек екендігі белгілі.

Осыдан Қазақ елінің толыққанды тәуелсіздігін орнату әділеттілігі идеясы туындаған. Қазақ елінің тәуелсіздігіне қайта оралу, яғни, тарихи әділеттілікті қайта қалпына келтіру – Ғұмар Қараш өмір сүрген дәуірмен тұспа-тұс келгендіктен, ол ойшыл, қазақ азаматы, зиялы қауым ретінде өзіне үлкен жауапкершіліктер тағайындады. Өйткені, әлеуметтік әділеттілікті қалау мен орнату қашанда белсенділікті керек етеді [3, с. 104].

Ғұмар Қараштың ұлттық идеяның тарихи кеңістігіндегі орнының поэтикалық сабақтастықпен құрылғандығын дәл андай білген зерттеушілеріміздің пікірі де осыған сәйкестенеді: «Саяси билігі отаршыл империяның қолында кеткен, адамды кемсітуге, жері талауға түскен қазақ даласында елдікті аңсау, азаттыққа ұмтылу сарындары – ұлттың сол тұстағы ең дамыған қоғамдық ойы, өнері сөз өнерінен көрінбек. Дулат, Махамбеттің замандарынан келіп, Нарманбет, Ғұмар Қараштар тұсына дейінгі әдебиеттің басты пафосына айналған азат күнді аңсау, бодандықтан туған торығу көңіл-күйін Алаш қозғалысының қарқынды серпіні сейілтті» [4, 221 б.]. Ғұмар Қараш

өзінің толғаларында «Қара қазан қамы» деп толғанылатын экзистенциалдық мәнді ұмыт қалдырмайды: «Қара қазан қамы үшін, Тереннен хиял ойлаған» [2, 78 б.].

Оның өмір сүрген дәуіріндегі Алаш идеясы өзінің қуатын күшейте түсуі қажеттігі мен нақты нәтижеге, толыққанды тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс мұраттарды көздегендіктен, Ғ. Қараш та осы ұлттық жауапкершілік беталысын құптап қана қоймайды, оның идеологы және практигіне айналады, өзінің өмірінің мақсатын Алаш идеясымен байланыста қарастырады.

Ғұмар Қараштың сол дәуірдегі діни әлеуметтік-психологиялық климаттағы терең түйсінген ахуалы дін мәселесіндегі зайырлылық ұстаным, діни дүмшеліктен, соқыр сенімнен арылуды көздейтін жаңа бағдарды қолдауы, ол бұрынғы мен ескішілдік, соқыр сенімнің үстемді етуі сол әділетсіздіктің басты тұғыры деп таниды.

Ғұмар Қараштың діни фанаттықтан алшақтауға, ілім-білімге бет бұруға, ағартушылықты жүзеге асыруға деген құлшынысы аясында Алаш зиялылары да біріккен, мүдделес көзқараста болды. Ә. Бөкейхановтың Түркістан өлкесімен тұтаса алмауының себебі де, осы бағдарға келіп тіреледі: «Сондықтан Бөкейханов, Дулатовтың Кеңес дәуірінде ОГПУ-ге берген жауабында айтқанындай, Түркістанда ескішілердің діни фанатизмі саяси жұмыстарды ойдағыдай жүргізуге кедергі болады деген пікірде еді» [5, 232 б.]. Ғұмардың «Самарқанд, Бұхар сарт құрсын», -деп бағалуы да осы идея үндестігін көрсетеді.

Біз Ғұмар Қараштың ұлт пен дін хақында және олардың арақатынасы туралы қозғаған мәселелерінен, атқарған қызметтерінен, ұлттық идеяның кең арналы болуы тиіс екендігі, тек саяси-экономикалық, мәдени-тарихи бағдар ғана емес, тіпті дінге де қатынасын айқындап алу қажеттігін түйсіне аламыз. Бұл ахуал бүгінгі таңда да өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығы жасырын емес. Бұл тұста, Ғ. Қараш дінге қарсы емес, жалған діни ұстанымдар мен фанатизмнің өркениетке алып бар алмайтындығын терең түйсінгендік және Қазақ халқы осындай ортодоксальді ислам аясында қалып қоятын болса, ол да тарихи әділетсіздік болатындығын түйсінді. Тарихи әділеттілік Дж. Ролз атап өткендей, сол өткен тарихтың өзінде қалып қоймайды және өзіне-өзі оралып қана қоймайды, үнемі жаңаруды да қалайды [6, с. 144].

XX ғасыр басы қазақ зиялыларының өз алдына жаңа және аса маңызды міндеттер қоюына алып келді: Алаш партиясын құру, алдымен, Алашорда үкіметі, одан соң Қазақ автономиясын алу т.б. Бұл сол дәуір үшін қажетті, бірақ жүзеге асуы Ресей мен Кеңестер Одағы мүмкіндік бере бермейтін өте күрделі және күрескерікті қажет ететін құбылыс еді: «Ұлттық идеяның да арқалап тұрған жүгі жеңіл емес. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары бұл міндетті шеше алды» [7, 139 б.].

Алашордашылардың тәуелсіздік идеясына белсене араласқан Ғұмар Қараш оған тұтастай өз өмірін арнады деуге де болады. Ол да азаттық күнді

аңсайды және оларға сеніммен қарайды. Бір жағынан күдік орнаса, екінші бір қырынан өзін-өзі билеген халықтың болашақтағы тұтас экономикалық-саяси, рухани-мәдени бейнесін өзінің өлең шумақтарымен жасап та қояды:

Оқу жұрты даярланып жеткендігін,
Жалпы оқуды қазақ міндет еткендігін,
Қазақ ұлты озат шығып кеткендігін,

Тірлікте көзімізбен көреміз бе?, - деп сол дәуір үшінгі ұлы мұраттарды алға тартады, тәуелсіздік идеясымен қатар, қазақ ұлтының интеллектуалды потенциалының мол екендігіне қарамастан, сауатсыздық күйін кешіп отырғандығын заман мен қоғамдық прогресс алдындағы әділетсіздік деп бағамдағандай сынай танытады. Оның Қазақ мемлекетінің болашағы туралы пайымдаулары айқын, өркениетті еуропалық білімге ұмтылу болатын:

Өз жеріне шыққан кенді өзі алғанын,
Әдемілеп айқыш-ұйқыш жол салғанын,
Еуропаның өнерінен үлгі алғанын,
Тірлікте көзімізбен көреміз бе?

«Алаш» атты орда құрып шалқығанын,
Бақ дәулеті туып өсіп балқығанын,
Әрбір істе қазақ исі аңқығанын,
Тірлікте көзімізбен көреміз бе? [2, 127-128 бб.].

Бұл толғаудың мәні әділеттілік таңының атуы, бұл әділеттілік – тарихи онтологиялық әділеттілік. Көріп отырғанымыздай, алдымен, экономикалық ахуалдың түзелуі, өз жеріндегі жер байлығына өзінің иелік ете алмау әділетсіздігі; еуропалық өнерден үлгі алу – шындығында, қазақ халқының интеллектуалдық потенциалының мол мүмкіндігіне қарамастан, «неліктен осындай сауатсыздау күй кешіп отыр?» деген сауалдан туындаған толғау. Сонымен қатар, қайталамалы мазмұнды түрде, басқаша формада айтқан, «әрбір істегі қазақ исінің» аңқуы – тәуелсіздік идеясы, адамзат эволюциясы алдындағы әділеттілік: бұрынғы өткен тарихында тәуелсіз, азат елдігін сақтаған, «Дос болғанға құшағы ашық - туыс, Қас қылғанға қыйып түсер – қылыш» болған, тарихи эволюциясында «ұялатындай ешнәрсесі жоқ» мемлекет т.б. қазір қандай күйде және неге олай? деген эмоционалды пайымдау.

Жыраулық толғауды зерделеуші Ж. Ошақбаева да «Көреміз бе?» деп аталған өлең мазмұны Алаш партиясының, Алаш автономиясының негізгі мақсаттарын толғағандығын айрықша атап өтеді [8, 264-265 бб.].

Ал Ғ. Қараштың «Өтер ме екен» толғауындағы өмірдің әділеттілігі-әділетсіздігі туралы философиялық сауал тастайды:

Қайғылы қара күндер өтер ме екен,
Қолайсыз мінді мінез бітер ме екен?
Ит болып ырылдасып өткен күндер,
Жоқ болып, ізі, жолы кетер ме екен..

Табылып ойға алғаны бәрі болып,
Еңіреп ер мұратқа жет ме екен? [2, 128 б.].

Бірақ Ғұмар Қарашта бұл мәселеге өзінің ойтолғамдарында басқаша бір қырынан келеді, пессимистік көңіл-күй туғызумен шұғылданбайды, «азаттық алу әділеттілігінің» кілті мен шешуші факторы білімге ұмтылу екендігін жете түйсінеді, ол да әрине, XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығы идеясын негізге алады, әділеттілік пен азаттық үшін күрестің төңкерістік емес, рухани кемелдену мен білімге ұмтылу жолын ұсынады. «Ұлтының жаппай академиялық білім алуы оларды зиялыландыру үрдісі заман талабынан туған қажеттілік, әлемдік өркениеттілік қауымдастығына енудің басты талабы болды» [1, 44 б.].

Ғұмар Қараштың бұл идеясы утопия немесе әлеуметтік мифология емес, еуропа елдеріндегі өркениетті зерделеп барып, олардың қолжеткізген жетістіктері де осы ғылыми танымды негізге алу екендігін түйсінеді. Оның өлең жолдарынан «Біз кімнен кембіз?» деген сияқты этноинтроспекциялық сауал қойғандығын ұғына аламыз.

Ғ. Қараштың түп идеясының екінші бір қыры – ұлттық ұйысу, бірлік, айқын мақсат үшін тұтаса қызмет ету. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, Алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген халық мәтелінің түпкі мазмұнын ойшыл өзінің «Замананың адамы» деп аталған жырында астарлап, тереңнен толғайды:

Алты бақан, алалық
Жүректерін қаралық,
Өзді-өзіңіз алысып,
Ырылдасып қабысып,
Әлсірейтін мінезден
Аулақ жүре көріңіз.
Қазақтықта бір сөз бар:
«Алтау ала болғанда
Ауыздан жемін кетірет
Төртеу түгел болғанда,
Төбеден жерге келтірет»
Атаның айтқан бұл сөзі
Андай жүре көріңіз [2, 78-79 бб.].

Ол ел мен жерге, Отанға қызмет ету тек белгілі бір топтарға жүктелген міндет емес, баршаға да қолжетімді және белсенділікті қажет ететін ұмтылыстың маңызды болып отырғандығын айғақтады, әлеуметтік жауапкершіліктің әрбір қазақ азаматына тікелей қатысты екендігі жөніндегі ойларын былайша тиянақтап береді: «Бірқатар адамдар Отан, ұлт мәселесін тек жоғары лауазымды және ойкешті адамдар айналысса болар деседі. Отан, ұлт мәселесі баршаға ортақ...Отанға, ұлтқа қызмет ету жоғары мансапты яки бай адамдарға ғана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жәй,

орташа адамдар да Отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар...Соның үшін әрбір кісі қоғамның мүшесі екенін сезіне отырып, өзіне жүктелген қызметті атқаруға міндетті» [2, 169-169 бб.].

Ғұмар Қараш идеясында тарихи әділеттілікті орнату үшін қажетті факторлардың бірі – ұлттық болмысты, қазақи руханиятты қайта жаңғырту.

Соның бірі – халықтың ана тілі. Ойшыл өмір сүрген дәуір де аласапыран болғандықтан, тек елдің бостандығы мен еркіндігіне, халықтың саяси-әлеуметтік ахуалына, ұлттың бірлігі мен болашағына ғана емес, тіліне де айтарлықтай қауіп төніп тұрды. Ол жан-жақты қысымшылықтарға ұшырай бастады да, тіл экологиясы ұлт зиялылары үшін өздігінен-ақ күн тәртібіне көтерілді. Мысалы, «Тіл, ғылым туралы» деген өлеңінде, тіл философиясы мәселесін көркемдік-поэтикалық тілмен жеткізеді:

Тіл – көңілдің ашқышы,
Көңіл – жарық, жан қия.
Білім – бақыттың басқышы
Қараңғыда жол қия [2, 150 б.].

Ол өзінің келесі бір ойтолғамдарында жалпы тіл емес, меңзеп отырғандығы ана тілі екендігін айрықша атап өтеді: «Ғияс әпенді ана тілін қолдануды, оған шет ел тілдерін араластырмау туралы орынды айтқан. Бірақ сөйте тұра, ол кісі араб-парсы сөздерін көп қолданған...бір топ мешер жиналып, сөзімізге орыс тілін араластырмайық деп әңгімелеседі. Іштерінен бір молла түрегеліп, жұртқа қарап: «Жамағат, слышите бұдан әрі отнюд орысша сөйлешпеңіз» деп, ең соңында «Доб-добрый, бик добрый» деп тарасқан екен. ..Біздің ойымызша, ана тіліміз алға бассын десек, ең жақсысы атақты басшы Риза, Фатих, Мұса әпенділер сияқты жазушыларымыз өз сөздерінде бір де шет ел сөзін кірістірмей сөйлеуге әдеттенсін. Шешендік сөздерді шет ел сөздерімен шұбарламасын» [2, 209 б.].

Сол кездегі тілге төнген қауіпті ахуалды ойшыл өзінің еңбектерінде әрі қарай былайша саралайды: «Қазақ мектептерінде қазақ тілінде жазылған кітаптарды оқыту пайдалы ма, әлде татар тілінде оқыту тиімді ме деген мәселе қозғалып жүр. Бұ да – маңызды мәселе. Бұл іспен ұлт тілі мамандары шындап айналысқаны жөн. Осы мәселеге мүдделі қаламгерлердің де сырт қалмағаны дұрыс...Шын мәніне келгенде бастауыш білімнің әр ұлт балаларына өз ана тілдерінде болуына шүбә жоқ. Қазақ балалары да бұл жағын қуаттайды» [2, 214 б.].

Қазыбек Иса атап өткендей, «Әділетті Қазақстан тіл әділеттілігінен басталуы керек», өйткені, әділеттілік, тұтас қазақ руханиятының сақталуы, оның ішінде, тілге де тікелей қатысты құбылыс» [9, 5 б.].

Ғұмар Қараштың қозғап отыран мәселелері қазіргі таңдағы «Әділетті Қазақстан» құру идеясына қатысты алғанда әлі де өзекті болып табылатын тұстармен жымдасып жатыр. Оның ХХ ғасыр басындағы қозғаған түйткілді мәселелері бір қырынан жүзеге асқан түрде танылса, екінші бір қырлары,

әлі де кемелдене түсуі қажет болып отыр. Мәселен, ілім-білімге шақыру, қазіргі таңда жаңаша форматқа ауысқан, еліміз жаппай сауаттандыру кезеңін өткергеннен кейін, қазіргі таңда әлемдік білім деңгейіне ұмтылу үрдісі белең алып келеді. Сондықтан да, озық өркениетті елдермен білім саласы бойынша тәжіриелер алмасу жолға қойылған, осы мақсатты көздеген «Болашақ» бағдарламасы бүгінгі күні де оңтайландырылған форматта ілгерілеп келеді және көп жағдайда оңды нәтижелерге қол жеткізіп те отыр. Жоғарыда атап өткендей, тарихи, онтологиялық әділеттілік орнап, қазақ халқы өзінің потенциалды интеллектуалдық мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндіктер жасалып жатыр. Бір ғана мысал, қазақтардағы көп ескеріле бермейтін «жыршылық мектеп» көптеген лиро-эпостарды, батырлар жырын, қисса-дастандарды т.б. жаңылмай, үздіксіз толғайтын кең ауқымды есте сақтаудың (мегапамять) шынайы дәлелі бола алады. Яғни, есте сақтау қабілетінің ауқымдылығы мен кең диапазоны қазақ халқының генетикалық болмысында әуелден бар деген сөз.

Сондай-ақ, Ғұмар Қараштың тіл экологиясына қатысты мәселені қозғауы бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Бүгінгі таңда орыс тілі ғана емес, араб тілінің де «экспансиясы» байқалып отырған шақта, ана тілімізді қорғау мен сақтау ұлттың өзін-өзі сақтау тетіктерінің бірі екендігі сөзсіз.

Ғұмар Қараш толғаған ұлттық идея, ұлтжандылық, ұлттық руханиятты жаңғырту т.б. мәселелер бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда ол арнайы бағдарламалар түрінде, стратегиялық жоспарлар бойынша құрылымданған. Дегенмен, сол дәуірдегі ұлт жанашырларын «ұлтшыл-шовинист» деп мін тағу үрдісі де қазіргі таңда толыққанды шешімін таппаған парадоксты жағдайларға, антиномияларға алып келіп отырғандығы кездесіп қалатын жайт. Мәселен, концептуалды ұғымдар мен сөздердің берілу жолдарына орай, ұлтжандылық, ұлтшылдық, ұлтынсүйгіштік т.б. түсініктердің де толық мазмұнын ажырату аналитикалық философияның мәселелеріне ауысып кеткен [10]. Яғни, атаулар мен оның мазмұны жөніндегі тартыста да осы ұлтжандылықты, ұлтшылдықты екі жақты мағынада түсінудің орын алуы болып отыр: кейбір көзқарастар оны шовинизмнің баламасы ретінде түсіндірсе, кейбір көзқарастар оның ұлтынсүйгіштік, патриотизм деген мағыналарда түсіндіруді қалайды. Шындығында, қазіргі таңда «қазақ шовинизмі» бар ма, болса оның параметрлері қандай?» деген сауалдар верификациялау мен дихотомиялауды керек етеді.

Қорытынды

Ғұмар Қараш өмір сүрген және оның руханияттық саладағы әділеттілік орнату идеясын аңсауына 100 жылдай уақыт өтсе де, әлі күнге дейін өзекті болуы, бір қырынан позитивті – ұлттық мүдде сабақастығы мен ұлттық рухтың сақталуы, екінші бір қырынан алғанда, жағымсыз мәнде – неліктен шешімін

табуы тиіс мәселе әлі күнге дейін күн тәртібінен түспегендік арқылы бүгінгі күнге дейін руханияттықты қаншалықты деңгейде өрістеткендігіміздің параметрлерін көрсетіп отыр.

Ғұмар Қараш өмір сүрген дәуір әдеби тілдің қайтадан заман шындығына сай кемелденіп, қалыптасып, «институцияланған», «ресмиленген» деп атауға болатын кезеңі болатын болса, қазіргі таңда тіл тазылығымен қатар, ғылыми тілдің орнығуы мен оның жалпыға ортақ бірінғай жүйесінің қалыптасып келе жатқан кезеңі екендігін де атап өткен жөн. Ол дәуірде көркем шығарма аудармасы қолға алынып, дамудың белгілі бір межесіне қол жеткізген болса, қазіргі таңда ғылыми аударма да осы параметрлер аясында деуімізге болады. Бұл бір қырынан алғанда, ұлттық руханиятты қайта жаңғырту арнасындағы ілгерілеушілікті де білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аташ Б.М., Әлжан Қ.Ұ. Ғұмар Қараш. Монография. – Алматы, 2014. – 256 б.
- 2 Ғұмар Қараш. Замана. – А.: Ғылым, 2000. – 236 б.
- 3 Канарш Г.Ю. Социальная справедливость с позиций натурализма и волюнтаризма // Знание. Понимание. Умение. – 2005. – № 1. – С. 101-110.
- 4 Тілешов Е. «Алаштың» жолы // Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы. – 1 Т. – Семей, 2012. – 420 б.
- 5 Әбдуақап Қара. Қоқан және Алашорда үкіметтері арасындағы байланыстар // Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы. – 1-т. – Семей, 2012. – 420 б.
- 6 Джон Ролз. Теория справедливости / Под. ред. В.В. Целищева. – Новосибирск: Изд. НГУ университета, 1995. – 532 с.
- 7 Әбжанов Х.Т. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы // Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы. – 1-т. – Семей, 2012. – 420 б.
- 8 Ошақбаева Ж. Қазақ зиялыларының руханиятты қалыптастырудағы ролі // Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 375 б.
- 9 Қазыбек Иса. Әділетті Қазақстан тіл әділеттілігінен бастаулы керек // Қазақ үні. – №41(1067). – 16.10.2023. – 5 б.
- 10 Блинов А.Л., Ладов В.А., Лебедев М.В. Аналитическая философия. – М.: РУДН, 2005. – 708 с.

Transliteration

- 1 Atash B.M., Alzhan Q.U. Gumar Qarash [Gumar Karash]. Monografija. – Almaty, 2014. – 256 b.
- 2 Gumar Qarash. Zamana [Zamana]. – A.: Gylym, 2000. – 236 b.
- 3 Kanarsh G.Ju. Social'naja spravedlivost' s pozicij naturalizma i voljuntarizma [Social Justice From the Standpoint of Naturalism and Voluntarism] // Znanie. Ponimanie. Umenie. – 2005. – № 1. – S. 101-110.
- 4 Tileshov E. «Alashtyn» zholy [The Way of “Alash”] // Alash-tanym. Fylymi maqalalar zhinaғы. – 1 T. – Semej, 2012. – 420 b.
- 5 Abduaqaq Qara. Qoqaн zhane Alashorda ukimetteri arasyndagy bajlanystar [Relations Between the Governments of Kokan and Alashorda] // Alash-tanym. Gylymi maqalalar zhinaғы. – 1-t. – Semej, 2012. – 420 b.
- 6 Dzhon Rolz. Teorija spravedlivosti [The Theory is Correct] / Pod. red. V.V. Celishheva. –Novosibirsk: Izd.NGU universiteta, 1995. – 532 s.

7 Abzhanov H.T. Alash qozgalysyndagy ulttyq ideja jevoljucijasy [Evolution of the National Idea in the Alash Movement] // Alash-tanym. Gylymi maqalalar zhinagy. – 1-t. – Semej, 2012. – 420 b.

8 Oshaqbaeva Zh. Qazaq zıjalyларынын ruhanıjatty qalyptastyrudagy roli [The Role of Kazakh Intellectuals in the Formation of Spirituality] // Qazaq ruhanıjaty: tarihi-filosofıjalyq zhane jetnomadeni negızder. Uzhyndyq monografıja. – Almaty: QR BGM GK FSDI, 2013. – 375 b.

9 Qazybek Isa. Adiletı Qazaqstan til adiletılgenın bastauly kerek [A Just Kazakhstan Should Start With Language Justice] // Qazaq үні. – № 41(1067). – 16.10.2023. – 5 b.

10 Blinov A.L., Ladov V.A., Lebedev M.V. Analıticheskaıa filosofıja [Analytical Philosophy]. – M.: RUDN, 2005. – 708 s.

Әлжан Қ.Ұ., Аташ Б.М.

Идея исторической справедливости в мыслях Гумара Караша и ее современное значение

Аннотация. В данной статье, прежде всего, дан обзор концептуальных основ проблемы идеи справедливости в казахском мировоззрении. Анализируются идеи Гумара Караша об исторической справедливости. Анализируется, что оно показывает предпосылки становления казахского народа отдельным государством. Сделан философский анализ того факта, что стремление к образованию и европейской цивилизации является основой установления исторической справедливости казахского народа, приводятся отрывки из его размышлений. Описана точка по бывшей независимой стране казахского народа. При этом мысли Гумара Караша о единстве страны и вопросах расширения рамок родного языка преподносятся как вопрос восстановления исторической справедливости. Подобные проблемы Гумара Караша связаны и сравниваются с сегодняшним временем, анализируются его актуальные проблемы. В частности, рассматривается вопрос языка и религии, дискурс восстановления исторической справедливости в вопросе укрепления независимости. Сопоставляются казахская духовность начала XX века и казахская духовность начала XXI века, проблемы перевода, формирования научного стиля и т.д. ясно показаны прогрессивные и непрогрессивные аспекты.

Ключевые слова: Гумар Караш, справедливость, национальная идентичность, язык, духовность, единство, казахское общество, идея Алаша.

Alzhan K.U., Atash B.M.

The Idea of Historical Justice in the Thoughts of Gumar Karash and its Modern Significance

Abstract. This article, first of all, provides an overview of the conceptual foundations of the problem of the idea of justice in the Kazakh worldview. The ideas of Gumar Karash about historical justice are analyzed. It is analyzed that it shows the prerequisites for the formation of the Kazakh people as a separate state. A philosophical analysis of the fact that the desire for education and European civilization is the basis for establishing the historical justice of the Kazakh people is made, and excerpts from his thoughts are given. The longing for the former independent country of the Kazakh people is described. At the same time, Gumar Karash's thoughts on the unity of the country and issues of expanding the scope of the native language are presented as a matter of restoring historical justice. Similar problems of Gumar Karash are connected and compared with today's times, its current problems are analyzed. In particular, the issue of language and religion, the discourse of restoring historical justice in the matter of strengthening independence are considered. The Kazakh spirituality of the beginning of the 20th century and the Kazakh spirituality of the beginning of the 21st century, problems of translation, the formation of a scientific style, etc. are compared. progressive and non-progressive aspects are clearly shown.

Key words: Gumar Karash, justice, national identity, language, spirituality, unity, Kazakh society, the idea of Alash.